

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ СПАНДИЯР
КӨБЕЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
110000 Қостанай қ. 7 шағынаудан
25/2
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА ИМЕНИ СПАНДИЯРА
КӨБЕЕВА ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
КОСТАНАЯ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
110000 г.Костанай 7 микрорайон
25/2 Тел:22-48-33 Факс:22-07-64

02.09.2025ж

№340(негізгі қызмет бойынша)

Отбасы тәрбиесі мектебін ұйымдастыру туралы

Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің 2014 жылғы 09 қыркүйектегі № 125 бұйрығына сәйкес, «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ-нің 18.09.2020 ж. № 10-06\ 3688хатында көрсетілген «EN BAQYTTY EL» қоғамдық қордың «Ақпараттық және әлеуметтік даму министрлігінің» бастамасымен, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен «Әкелік институтын қолдау және дамыту жөніндегі шаралар кешені» мемлекеттік әлеуметтік жобасын жүзеге асыруына байланысты мектепте әкелер мектебін құру үшін бала тәрбиесінде ата-аналар қоғамдастығымен тығыз байланыса отырып, тәрбие жұмысының өзекті мәселелеріне ата-аналар назарын аудару, мектеп-отбасы жұмыстарын дамыту мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

- 1.Отбасы тәрбие мектебі туралы ережесі бекітілсін. (қосымша №1)
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Карина А.А.мқыркүйектің 5-іне дейін «Отбасы тәрбие мектебі» бағдарламасын құрып, бекіту тапсырылсын.
- 3.Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

Жақия М.М.

Таныстым: Карина А.А.



Отбасы тәрбие мектебі туралы ережесі

I. Жалпы ережелер.

- 1.1. Отбасы тәрбие мектебі (әрі қарай мектеп) жалпы ереже мектепшілік отбасылық тәрбие қызметін реттейді. Ата-аналар қауымдастығының, кеңестігінің, комитеттерінің қызметін үйлестіруші және өскелен ұрпақты тәрбиедеу жұмысына тікелей атсалысатын, ата-баба дәстүрін насихаттаушы ата-аналар жұртшылығы өкілдерінің қоғамдық бірлестігі.
- 1.2. Мектеп ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру және оларды білім-тәрбие үдерісіне тең құқылы серіптес ретінде тарту, ата-аналар жұртшылығымен бірге жергілікті мәселелері жөніндегі ұсыныстарды дамыту, жүзеге асыруға ықпал жасау мақсатында құрылған ұйым.
- 1.3. Мектеп қоғамдық бірлестігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Қонституциясын, «Білім туралы» Заңын, жас ұрпақты тәрбиелеу қызметіне қатысты және ата-аналардың ролін арттыру жөніндегі өзге нормативтік заңнамалық құжаттарды басшылыққа алады.
- 1.4. Мектеп қатысушылары: ата-аналар (занды өкілетті адам), оқушылар, мектеп мұғалімдері шақырылған мамандар.
- 1.5. Мектеп жұмысының негізгі принциптері еріктілік, жеке дара ашықтық, кері байланыс, педагогикалық этиканы сақтау жатады.

2. Мектептің негізгі міндеттері:

- 2.1. Тәрбие жұмысының өзекті мәселелеріне ата-аналар назарын аудару, мектеп-отбасы жұмыстарын дамыту.
- 2.2. Баланың жас және даму ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жүйелендіру. Ұл бала мен қыз бала тәрбиесін ұйымдастырудың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін назарға алу.
- 2.3. Ата-аналар қауымын, жұртшылықты мектеп өміріне, мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарға белсенді қатысуға тарту, оқушылардың өзін-өзі басқару ісіне ықпал ету.
- 2.4. Оқушылардың туған жерін, елін, мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрлерін суюіне және құрметтеуіне, әлем мәдениетінің, өзіндік ерекшелігін түсуіне, ұлттық құндылықтарға ұқыпты қарай білуіне ықпал ету.

3. Мектеп әрекетінің негізгі бағыттары:

- 1.1. Ата-аналарға психологиялық – педагогикалық көмек көрсету.
- 1.2. Отбасының білім беру тәжірибесін насихаттау.
- 1.3. Ұл бала және қыз бала тәрбиелеуде ата-аналар мәдениетін арттыру.

1.4. Қоғамдық және отбасылық өзара байланыста жаңа нысанын арттыру.

1.5. Отбасының демалысын мәдени іс-шаралармен байыту.

4. Отбасы тәрбие мектебінің қызметі.

4.1. Мектептің тәрбие жұмыстарына белсене араласу, әкімшілікпен бірлесе отырып оқушылар ережесін, ата-аналар ережелерін (ана, әке, ата, әже, қыз бала, ұл бала) түзу.

4.2. Мектептегі ата-аналардан құрылған әр бағыттағы үйірме жұмыстарын қоғамдық бастамада құру;

4.3. Білім ұйымдарында ұл тәрбиесі мен қыз балалардың тәрбиелік орталықтарын ашу;

4.4. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылықпен ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын іс-шаралар ұйымдастыру;

4.5. Атаулы күндерге арналған іс-шараларды өткізуіне белсене қатысу, оған ата-аналарды жұмылдыру. Ата-аналар арасындағы сайыстар, дөңгелек үстел, конференциялар, семинарлар ұйымдастыру, озық тәжірибелерді тарату.

5. Мектеп жұмысының ұйымдастыруы:

5.3. Мектеп жұмысы тоқсанда бір рет жүзеге асырылады (керек кезде жиі). Бұл жұмысқа басшылық жасайтын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жетекшілік жасайтын әлеуметтік педагог.

5.4. Мектеп жұмысына жауапты негізгі құрамға педагог-психолог, мұғалімдер және ата-аналар комитетінің төрайымдары кіреді.

5.5. Мектепті ата-аналар (заңды өкілдер) мектеп қажеттіліктеріне және қызығушылықтарына байланысты өзгеріп тұруы мүмкін.

5.6. Мектеп жұмысы ата-аналардың қызығушылықтарын ескеріп құрылады.

6. Мектеп қатысушыларының құқықтары мен міндеттері:

6.1. Ата-аналар (заңды өкілетті адам) құқыққа ие:

- баланы тәрбиелеу жөнінде толық мағлұмат алу;
- балалар мен үйде айналысу ұйымдарынан тәжірибелік көмекті алу;
- бала тәрбиесінде өзінің жеке ойын айтуға, тәжірибесімен бөлісуге;

6.2. Ата-аналар этикалық әдеп нормаларын сақтауға міндетті және мектеп және сынып жетекшілерімен ата-аналар комитеті басшыларымен бірлесе атқаруға міндетті. Мектепішілік іс-шараларды өткізу және дайындалуға белсенді қатысу.

6.3. Білім беру мекемесі міндетті:

- Мектеп жұмысын жоспарға сай ұйымдастыру;
- Ата-аналарға (заңды өкілетті адам) жоғары дәрежеде, өз деңгейінде тәжірибелік кәсіби кеңес беру.

7. Құжаттар:

7.1.Мектеп жыл басында бұйрықпен бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасайды.

7.2.Мектеп іс-шаралаарды тіркеу парағына келесі формада жазылады:

- өткізу уақытты;
- тақырыбы;
- қатысушылар саны;
- басшының қолы.